

«СҚО әкімдігінің ветеринария  
басқармасы» КММ «М.Жұмабаев  
ауданының ветеринарлық  
станциясы» ШЖҚ МҚК  
2021 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 10а бұйрығымен бекітілді

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

- 1. Қоғамдық қатынас саласының атауы ветеринария.**
- 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «М.Жұмабаев ауданының ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МҚК.**
- 3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласында жұмыс істейтін адамдардың (іс-әрекет) мінез-құлышқа қағидалары**

**3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозгалатын салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «М.Жұмабаев ауданының ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МҚК қызметшілері:**

- 1) зандылық, әдептілік қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, зандарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;
- 2) жеке және занды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде олардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;
- 3) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымдық өкілеттіктерін орындау барысында алынған, азаматтардың жеке өмірін, намысы мен арына қатысты мәліметтерді жарияламауға және олардан осындан ақпарат беруді талап етпеуге;
- 3.1) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік міндеттерін орындау нәтижесінде алынған және коммерциялық, салық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты жарияламауға және (немесе) таратпауға;
- 4) тікелей басшысын не өзі жұмыс істейтін үйымның басшылығын туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы оған бұл жөнінде белгілі болған сәтте жазбаша хабардар етуге;

4.1) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөнінде тиісті шаралар қолдануға;

5) белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы басшылыққа және (немесе) құқық қорғау органдарына дереу мәлімдеуге;

6) қызметтік әрекетін жүзеге асыру кезінде қызмет бабын теріс пайдалануға, төрешілдік пен сөзбүйдаға салу көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеуге;

7) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға;

8) мемлекет мұддесіне нұқсан келтіретін, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы туруға;

9) жоғары кәсіби жұмыс үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы да үнемді және өзге де құзыреттілік әдістерін қолдануға;

10) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

### 3.2. өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге шешімдерді

даярлау және қабылдау кезінде «Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «М.Жұмабаев ауданының  
ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МҚҚ қызметшілері:

1) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа төзбестік танытуға;

2) кәсіби (қызметтік) әдеп сақтауға;

2.1) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

2.2) бағынысты қызметкерлерге қатысты олардың қызметіне ықпал етуге қызметтік жағдайын пайдалануға жол бермеуге және құқыққа қарсы қылыштарды жасауға мәжбүрлемеуге;

2.3) адаптацияның болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сынайылық пен әдептілік танытуға;

2.4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарағынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

2.5) іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға;

3) қызметтік міндеттерін атқару кезінде құпиялышты сақтауға, қызметтік және мемлекеттік құпияны қамтамасыз етуге;

- 4) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және занды тұлғаларға артықшылық көрсетпеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;
- 5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 6) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, турашыл және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;
- 7) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті де анық мәліметтер беруге міндетті.

**3.3. тіршілік әрекеті саласы спецификасына байланысты туындайтын өзге қарым-қатынастар кезінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «М.Жұмабаев ауданының ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МКҚ қызметшілері:**

- 1) мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;
- 2) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге;
- 3) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға;
- 4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысанда, тәртіппен және мерзімде кірістер мен мүлік туралы декларацияны табыс етуге;
- 5) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
- 6) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;
- 7) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлыш, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге міндетті.

#### **4. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар**

Қызметшілерге тыйым салынады:

- 1) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

2) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

3) өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғышылыққа әкелетін заннама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге;

4) қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насиҳаттау үшін пайдаланбауға;

5) занды және жеке тұлғалар қызметкерге оның еңбек қызметімен байланысты әрекеті үшін сый ретінде табыс ететін кез келген сыйлықты, ақшалай сыйақыны, қызметтерді, қарызды, демалысқа, ойын-сауыққа жұмсалатын шығындардың, көлік шығындарының, ұялы байланыс шығындарының ақысын және басқа да сыйақыларды алуға;

6) жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуіне;

7) мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салынады.

**5. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы»  
КММ «М.Жұмабаев ауданының ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МҚҚ  
қызметшілері өз функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде, атап**

**айтқанда:**

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде;

2) облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешім жобасын әзірлеу кезінде;

3) осы облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда пайда болған жануарлардың жүқпалы ауруларының ошактарын жою жөнінде ветеринарлық іс-шаралар көшені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешім жобасын әзірлеу кезінде;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шығару кезінде;

5) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде;

- 6) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптаманы лицензиялау үшін құжаттар дайындау кезінде;
- 7) ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде;
- 8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үйымдастыру кезінде;
- 9) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) үйымдастыру кезінде;
- 10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспортты дайындау жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде;
- 11) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процесингтік орталыққа ақпарат беру кезінде;
- 12) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін үйымдастыру кезінде;
- 13) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу кезінде;
- 14) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру кезінде;
- 15) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды ветеринария саласындағы уәкілетті органға ұсыну кезінде;
- 16) жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) үйымдастыру кезінде;
- 17) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету кезінде;
- 18) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын үйымдастыру және жүргізу кезінде;

19) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізууді ұйымдастыру кезінде;

20) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізууді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру кезінде;

21) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту кезінде;

22) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және занды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу кезінде;

23) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету кезінде;

24) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу кезінде;

25) мұдделі тұлғаларға жүргізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету кезінде;

26) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (заарсыздандыру) және қайта өндеу кезінде;

27) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (заарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу кезінде;

28) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру кезінде;

29) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізууді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу кезінде;

30) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау кезінде;

31) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға міндетті.